

Асан Тайманов атындағы №34 мектеп -гимназиясы

Бірінші сынып ата- аналарына психологиялық кеңес



*Баланы мектепке оқуға бейімдеу.
Ата-аналарға кеңес.*

Бірінші кеңес

Балаңызға керек нәрсенің ең маңыздысы бұл сіздің ықыласыңыз.

***Шыдамды болыңыз:** оның мектеп туралы айтқан әңгімелерін зейін қойып тыңдаңыз, нақтылайтын сұрақтар қойыңыз.*

***Есіңізде болсын:** сіз үшін қанша маңызды емес нәрсе, сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз үшін сол күнгі толқуға толы оқуға болып шығуы мүмкін.*

***Балаңызды зейін қойып тыңдаңыз:** сонда балаға сіздің қандай көмегіңіз керектігін, мұғаліммен не туралы сөйлесу керектігін, сіз онымен мектеп жанында қоштасқаннан кейін баламен шын мәнінде не болатындығын түсіне аласыз.*

***Оқушыға әкенің де, ананың да ықыласы қажет:** оған үй тірліктерімен, теледидар қараумен, компьютер ойнаумен араластырмай, арнайы ол үшін уақыт бөлуді ұмытпаңыз.*

Есіңізде болсын:

Егер бала сіздің оның істеріне, жұмыстарына көңіл бөлгеніңізді көрсе, ол міндетті түрде сіздің қолдауыңызды сезінеді.



Екінші кеңес:

Баланың мектеп оқушысы болу талпынысын қолдаңыз, оқуға деген ықыласын дамытыңыз және көтермелеңіз.

Балаңыздың мектептегі істері мен жұмыстарына деген қызығушылығыңызды шын жүректен білдіріңіз.

Оның жетістіктерін айтып, мақтап отырыңыз.

Есіңізде болсын: мақтау мен эмоционалдық қолдау (“Жарайсың!” , “Сондай жақсы орындадың!”) баланың зияткерлік жетістіктерін арттырады.



Үшінші кеңес: балаға жаңа өмір тәртібіне дағдылануға көмектесіңіз.

Баламен ол мектепте кездескен ережелер мен нормаларды талқылаңыз. Олардың қажеттілігі мен жөнділігін түсіндіріңіз. Балаңызбен бірге күн тәртібін құрыңыз, оның сақталуын қадағалаңыз.

Күн тәртібі бірінші класс оқушысының өмірінде аса маңызды, Баланың өмірінде жинақылықты, тәртіптілікті қажет ететін жаңа міндеттер пайда болды – күн тәртібі еңбек пен демалысты дұрыс үйлестіруге жаңа өмір жағдайларына үйренуге көмектеседі.

Баланың үй тапсырмасының орындау ұзақтығын (бірінші сыныпта оқуды қоса алғанда 1-1,5 сағат) сондай –ақ ұйқы уақытын (толыққанды демалу үшін ұйқы тәулігіне 9-10 сағаттан кем болмау тиіс) бақылаңыз.

Есіңізде болсын: күн тәртібінде қозғалысы аз әрекет түрлерін белсенді қимыл әрекеттерімен, зияткерлік және қимыл әрекеті түрлерімен алмастырып отыру қажет.

Қаралатын телебағдарламалардың санының және сапасының, компьютерде ойын ойнау уақытының азайтылуын қадағалаңыз.



Төртінші кеңес: баланың мектептегі қиыншылықтарына сабырлықпен қараңыз.

Бала мектептен келді – оны сұрақтың астына алуға асықпаңыз, өзін еркін ұстауға мүмкіндік беріңіз. Егер оның ренжіп тұрғанын көрсеңіз, кейінірек жайлы әңгіме барысында оның мазасыздығының себебін білуге тырысқан дұрыс.

Есіңізде болсын: Бала үшін бір нәрсені істей алмау, бірдеңені білмеу – бұл қалыпты жағдай. Ол сол үшін де бала – бұл үшін кінәлауға болмайды. Кінәлау баланың өз өзіне деген бағасын түсіреді. Өзіне деген сенімділікті жоғалтады.

Баланың қателесуге құқығы бар. Сіздің балаңыз мектепке оқу үшін келді. Адам бір нәрсені үйренгенде, бірден меңгеріп кетпейді, бұл табиғи нәрсе.

Ата-анасының байсалдылығын, сенімділігін көргенде, бала мектептен қорықпау керектігін сезінеді.



Бесінші кеңес: балаңызға құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға және өзін сенімді сезінуге көмектесіңіз.

Балаңызға жаңа ойындар үйретіңіз, достарына көрсете алатындай.

Балаңыздың сыныптастарымен танысыңыз, үйіңізге қонаққа шақырыңыз. Қарапайым шай ішу, ал кішкентай үй иесі қонақ күтуді үйренеді.

Өзіне сенімді, көпшіл бала кез келген жағдайға тезірек әрі байсалдырақ бейімделеді.



Алтыншы кеңес: өз балаңыздың мектептегі жетістіктеріне қатысты парасатты бола біліңіз.

Балаңызды басқа оқушылармен салыстырмаңыз
Балаңызды мектептегі жетістіктері үшін мақтаңыз

Есіңізде болсын: ешқандай “5” саны балаңыздың бақытынан маңызды бола алмайды. Алғашқы сәтсіздіктерге сіздің үмітіңіздің күйреуі деп қарамаңыз.



Жетінші кеңес: балаңызға бірінші сыныптың бірінші жартыжылдығында артық жүк артпауға тырысыңыз.

Балаңыз мектептен келісімен бірден үй тапсырмасына отырғызған дұрыс емес. Оған 2-3 сағат демалыс беріңіз, 1,5 сағат күндізгі ұйқы ұйымдастыруға тырысыңыз.

Бала сабағын дайындаған кезде, оның жанында төніп тұрмаңыз. Сабағына өзі дайындалсын. Сіздің міндетіңіз орындау емес, көмектесу



Екінші “Б” заңы Бедел. Ата-ананың беделі.

Балаңызбен тең құқыда сөйлеңіз және қарым-қатынас жасау үлгілерін көрсетіңіз. Отбасының барлық мүшелерінің баламен сөйлесуінің біріңғай тактикасын жасаңыз. Балаңыз көзінше өз пікірін қайшылықтарыңыз жайлы айтысқан дұрыс емес. Барлық келіспеушіліктер есіктің сыртында қалуы тиіс. Өз пікіріңізді айтыңыз, бірақ балаға қандай да бір проблемаға деген өз көзқарасыңызды таңбаңыз.

Ұмытпаңыз: *бала өмірге деген өз көз қарасын қалыптастырады, ол сіздікінен басқаша болуы мүмкін. Балаға өз пікірін білдіру үшін жеткілікті уақыт беріңіз.*

Табысты *оқу көп жағдайда отбасы мен мектептің ынтымақтастығына байланысты, сондықтан кез келген уақытта өз шаруаларыңызды тастап, баламен айналысуға дайын болыңыз.*



Үшінші “Б” заңы Белсенділік.

Отбасы мен мектептің белсенді ынтымақтастығы болуы керек. Ата-аналардың жіберуі мүмкін кейбір қателіктер:

Бірінші қате:

Отбасы мен мектеп әрекетінің келісімсіздігі.

-Балаңызбен мектеп түсініспеушіліктерін талқыламаңыз.

-Мұғалімдер туралы теріс пікірлер айтпаңыз.

-Мұғалімдердің психологтардың кеңестеріне құлақ түріңіз

- “Мектептен де маңызды нәрсе бар” деген ұстанымдардан аулақ болыңыз.

Екінші қате: байланыстар сипаты.

-Мектепке анда санда немесе бір жағдай болған да ғана барудан аулақ болыңыз.

- Ата – ана жиналысына, өзге де іс –шараларға мән беріп қараңыз.

-Мектеппен байланысыңызды сиретпеңіз, балаңыздың барлық жағдайынан хабарсыз қаласыз



Бейімделу процесі сәтті өткенін қалай түсінуге болады?

- 1. Баланың оқыту процесіне қанағаттанушылығы оған мектеп ұнайды, ол сенімсіздік пен қорқынышты сезбейді.*
- 2. бала бағдарламаны қиындықсыз игереді.*
- 3. сыныптастары мен мұғалімімен қарым – қатынас қалыптасады*



*Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет
Үлгілі отбасы
болуларыңызға
тілектеспін.*

*№ 34 мектеп-гимназия психологы : Муратова
Светлана Мусаевна.*

